Қаржы нарығына шолу

2022 жыл

Қаржы нарығына жасалған шолу қаржы нарығындағы негізгі үрдістерді ашып көрсетеді. Ондағы мақсат – өтімділіктің негізгі ағындары қозғалысының неғұрлым толық көрінісін нарық қатысушыларына ұсыну.

Құжатты Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Ақша-кредит саясаты департаменті дайындады. Құжат Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсында әр тоқсан сайын электрондық нұсқада жарияланады.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе **4**

I. Сыртқы нарық **5**

II. Валюта нарығы **8**

А) Ішкі валюта нарығындағы жағдай 10

Б) Қолма-қол шетел валютасы нарығы 11

II. Ақша-кредит талаптары **12**

3.1. Базалық мөлшерлеме мен нарықтардағы мөлшерлеменің өзгеру динамикасы 12

3.2. Ақша нарығы 13

А) Ұлттық Банктің операциялары 13

Б) Репо овернайт нарығының құрылымы 14

IV. Қор нарығы **16**

А) Мемлекеттік бағалы қағаздар 16

Б) Корпоративтік облигациялар нарығы 19

В) Акциялар нарығы 20

V. Депозит нарығы **22**

А) Депозиттік операциялар 22

Б) Депозиттерді долларландыру 23

В) Депозиттік мөлшерлемелер 25

VI. Кредит нарығы **26**

А) Кредиттер бойынша мөлшерлемелер 26

Б) Жаңа кредиттер беру 27

В) Экономикаға берілетін кредиттер (қалдық) 29

НЕГІЗГІ ТЕРМИНДЕР МЕН ҰҒЫМДАР **32**

НЕГІЗГІ ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗІМІ **33**

КІРІСПЕ

Сыртқы нарық. 2022 жылы сыртқы нарықта белгісіздік деңгейі тым жоғары болды және құбылмалы болуымен сипатталды. Ресей мен Украина арасындағы геосаяси қақтығыс Ресейге қарсы бұрын-соңды болмаған санкциялардың көп болуына, жеткізу тізбегіндегі проблемалардың нашарлауына себеп болса, ол әлемдік бағаның, оның ішінде энергия тасымалдаушылардың жалпылай өсуіне ықпал етті. Бұл өз кезегінде әлемдік экономикада сезілген инфляциялық қысымды күшейтті.

Ақша нарығында өтімділік профициті біршама ұлғайды. Өтімділіктің артығы қысқа мерзімді ноталар мен депозиттік аукциондар және депозиттер арқылы алынды. Репо нарығындағы пайыздық мөлшерлемелер, негізінен, теңгелік өтімділікке жоғары сұранысты тудырған салық апталары мен жоғары белгісіздік кезеңдерін қоспағанда, дәліздің төменгі шекарасында қалыптасты. Өтімділікті орналастыру бөлігінде бір күндік репо нарығы тарту бөлігінде қалатындай неғұрлым жоғары шоғырланған болды.

Белгісіздіктің өсуі аясында **валюта нарығы** жоғары құбылмалылықпен сипатталды. Атап айтқанда, айырбастау бағамының динамикасына энергия тасымалдаушылар құнының өзгеруі, геосаяси жағдай, дамыған елдердегі монетарлық жағдайлардың қатаңдауы және АҚШ долларының басқа елдердің валюталарына қатысты нығаюы әсер етті. Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің валюталық түсімді міндетті түрде сату нормасының артуы олардың шетел валютасын сату көлемінің өсуіне ықпал етті. 2022 жылдың бірінші жартысында бағамның күрт көтерілуінен кейін екінші жартыжылдықта валюта нарығы неғұрлым теңгерімді сұраныспен және ұсыныспен, сондай-ақ орташа құбылмалы болуымен сипатталды.

Қор нарығы. Әлемдік қор нарығы да жеткізілімдер тізбегінің жаһандық дағдарысы, инфляцияның рекордтық көрсеткіштері, әлемдік орталық банктердің ақша-кредит жағдайларын қатаңдату, әлемдегі рецессия қаупі аясында белгісіздік жағдайында дамыды. Әлемдегі қор нарықтары индекстерінің құлдырауына Ресей мен Украина арасындағы геосаяси қақтығыс қосымша ықпал етті.

Қазақстан қор биржасында саудаланатын мемлекеттік борыш өсе түсті. МБҚ нарығында бюджет тапшылығын қаржыландыру үшін ҚР ҚМ тарапынан орналастырудың ұлғаюы аясында сауда-саттық көлемі едәуір ұлғайды. МБҚ нарығына бейрезиденттердің қатысу үлесі қысқаруда. Кірістіліктің тәуекелсіз қисығы қысқа мерзімді бөліктерде ұлғаюды және неғұрлым ұзын бөліктерде төмендеуді көрсете отырып, инверттелген (кері) пішінді сақтады.

Депозит нарығында депозиттік ұйымдардағы депозиттердің көлемі бойынша тарихи ең жоғары деңгейге қол жеткізілді. Бұл теңгелік салымдарды қолдау бойынша қабылданған шараларға және сыйақы мөлшерлемелерін арттыруға байланысты болды. Теңгелік депозиттер бойынша мөлшерлемелер базалық мөлшерлеменің ұлғаюынан кейін өсті. Депозиттік ұйымдардағы долларландыру төмендеуде: заңды салымдарды долларландыру соңғы 9 жылда ең төменгі деңгейге, жеке тұлғалардың депозиттерін долларландыру – 2007 жылғы шілдеден бастап ең төменгі деңгейге жетті.

Кредит нарығы. Базалық мөлшерлеменің өсуі заңды тұлғалардың кредиттері бойынша мөлшерлемелердің өсуіне әкелді. Бұл ретте жеке тұлғалардың кредиттері бойынша мөлшерлемелер ақша-кредит талаптарының өзгеруіне әсері әлсіз болды. Экономикаға кредиттердің жалпы көлемі (қалдық) ж/ж өсуін көрсетті: тұтынушылық кредиттеудің өсуі жоғары инфляциялық күтулерге, ипотекалық кредиттеу жеңілдетілген ипотекалық бағдарламаларға байланысты болды. Заңды тұлғалар кредитінің ж/ж өсуі өткен жылдың қорытынды мәнімен салыстырғанда жеделдеді. Өсім барлық дерлік салада тіркелген.

I. Сыртқы нарық

Сыртқы нарықтағы жағдай 2022 жылы жоғары құбылмалылық жағдайында дамыды. Ресей мен Украина арасындағы геосаяси қақтығыс пен Ресейге қарсы бұрын-соңды болмаған санкциялар әлемдік экономикадағы инфляциялық қысымның күшеюіне алып келді. Жеткізу тізбегіндегі проблемалардың ушығуы тауарларға, оның ішінде энергия тасымалдаушыларға әлемде бағаның өсуіне себепші болды.

Инфляция 2022 жылдың басынан бастап дамыған елдерде де, дамушы елдерде де жеделдеді. Шикізаттың, материалдар мен азық-түлік бағасының өсуі пандемиядан кейінгі жоғары инфляциялық жағдайды күшейтті. Әлемнің көптеген елдерінде инфляция соңғы 30-40 жылда барынша жоғары қарқынмен өсті. 2022 жылғы маусымда АҚШ-тағы жылдық инфляция 40 жыл ішіндегі ең жоғары деңгейге 9,1% жетті, ал Канадада осындай кезеңде тұтыну бағалары 8,1% ж/ж өсті, бұл 1983 жылдан бергі ең жоғары көрсеткіш болды. 2022 жылғы қазанда Ұлыбританияда инфляция 41 жылдағы рекордтық 11,1% деңгейге жетті.

Әлемдегі инфляцияның жаппай жеделдеуі 2022 жылы орталық банктерді негізгі мөлшерлемені рекордтық деңгейге дейін көтеру арқылы инфляцияны азайту бойынша шаралар қабылдауға мәжбүр етті. АҚШ ФРЖ 2022 жылы негізгі мөлшерлемені жылдық 0-0,25%-дан 4,25-4,5%-ға дейін 7 есе, Англия Банкі жылдық 0,1%-дан 3,5%-ға дейін 8 есе, Канада Банкі – 0,25%-дан 4,25%-ға дейін 7 есе көтерді. 2022 жылғы шілдеде ЕОБ базалық пайыздық мөлшерлемені 11 жыл ішінде алғаш рет жылдық 0%-дан 0,5%-ға дейін көтерді, кейіннен жыл бойы ол тағы да жылдық 2,5%-ға дейін 4 есе көтерді.

Дамушы елдердің орталық банктері де 2022 жылы өздерінің негізгі мөлшерлемелерін көтерді. Мәселен, Мексиканың орталық банкі кезең-кезеңімен негізгі мөлшерлемені жылдық 5,5%-дан 10,5%-ға дейін, Бразилияның орталық банкі – 9,25%-дан 13,75%-ға дейін, ОАР орталық банкі – 7,25%-дан 10,5%-ға дейін, Үндістанның резервтік банкі – жылдық 4,0%-дан 6,25%-ға дейін көтерді. РФ Орталық банкі 2022 жылдың басында негізгі мөлшерлемені 8,5%-дан 9,5%-ға дейін көтерді. Одан кейін екі апта өткен соң РФ Орталық банкі Украинадағы геосаяси қақтығыстың күрт шиеленісуі жағдайында мөлшерлемені 20%-ға дейін ұлғайтты. Кейінгі жарты жылда инфляциялық қысымның әлсіреуі, рубльдің айырбастау бағамының нығаюы және экономиканың қысқаруы аясында РФ Орталық банкі негізгі мөлшерлемені біртіндеп төмендетті және 2022 жылғы қыркүйектен бастап ол жылдық 7,5% деңгейінде белгіленді.

АҚШ ФРЖ базалық мөлшерлемесінің өсуі АҚШ қазынашылық облигацияларының кірістілігі 2022 жылғы қазанда 2010 жылдан бастап алғаш рет 4,2%-ға дейін жетті. 2022 жылғы қыркүйекте DXY индексі 114,1 тармаққа жетті, бұл 20 жыл ішіндегі индикатордың ең үлкен көрсеткіші болып табылады. Мұнда тағы бір тарихи оқиғаға орын алды – 2002 жылғы желтоқсаннан бері алғаш рет доллар әуелі еуромен тепе-теңдікке жетті, содан кейін қымбаттай түсті. Жылдың соңына қарай АҚШ-тағы инфляцияның төмендеуі аясында ФРЖ риторикасының жеңілдеуіне байланысты доллардың DXY индексі төмендей бастады және жыл басынан бастап 7,9%-ға көтеріліп, 2022 жылғы желтоқсанның соңына 103,5 тармақты құрады (1-график).

Дамыған елдердің орталық банктерінің монетарлық жағдайларды қатаңдату және АҚШ долларының жаһандық нығаюы арқылы инфляцияны азайтуға ұмтылысы дамушы елдердің валюталарына жыл бойы айтарлықтай қысым жасады. Дамушы елдердің JP Morgan EM Currency валюта индексі жыл қорытындысы бойынша 85,56-дан 81,22-ге дейін 5,1% төмендеді (1-график).

1-график. АҚШ МБҚ кірістілігі (%), EM валютасы және АҚШ долларының индексі (31.12.2019 = 100)



2-график. Мұнай, көмір және табиғи газ бағаларының динамикасы (31.12.2019 = 100)



Дереккөзі: Refinitiv, ҚРҰБ есептеулері

2022 жылдың басында мұнай нарығында ОПЕК+ өндірудің рұқсат етілген квоталардан қалыс қалған көлемдері және мұнайдың шектеулі қорлары аясында теңгерімсіздік байқалды. Әсіресе геосаяси шиеленістің күшеюіне байланысты Ресейден жеткізілімдерге қатысты проблемалар ұсынысты шектеп, мұнай бағасының өсуіне ықпал етті.

Нәтижесінде 2022 жылдың басында мұнай бағасы өсім көрсетіп, ақпанның соңында барреліне 100 АҚШ доллардан асты. Еуропадағы негізгі энергия тасымалдағыштар – газ және көмір - 24 ақпан мен 2 наурыз аралығында бір аптада 2 еседен астам қымбаттады (2-график). Көмірдің бағасы табиғи газға қарағанда жоғары қарқынмен өсті, себебі Еуропаның кейбір елдері Ресейден мұнай мен газ импортынан бас тартуға тырысып, электроэнергиясын өндіру үшін көмірді пайдалануға көшті. ЕО-ның ресейлік отынды алмастыруға ұмтылысы басқа өңірлерден энергия тасымалдағыштарға сұранысты арттырды және оларға бағаның өсуін жылдамдатты.

Сәуірдің басында АҚШ-тың мұнайдың стратегиялық қорларын пайдалану және Қытайдағы эпидемиологиялық жағдайдың нашарлауы туралы хабарламасынан кейін мұнай бағамдары барреліне 100 АҚШ долларынан төмен түсті. Алайда олардың үрдісі ЕО-ның құбырмен тасымалданатын ресейлік мұнайды экспорттауға ішінара тыйым салуын енгізуге байланысты, сондай-ақ мамырдың ортасынан бастап Қытайда карантинді біртіндеп алып тастау аясында өрбіді. 2022 жылғы маусымда Ресей мұнайына эмбарго енгізу және геосаяси қақтығыстың өршуі энергия тасымалдағыштарға баға белгілеудің одан әрі өсуіне алып келді. 2022 жылдың ортасынан бастап әлемдік экономиканың өсуі мен дамыған елдердегі рецессия тәуекелдерінің баяулауы бойынша қауіптің шиеленісуі шикізат нарықтарына кері әсерін тигізді.

Осылайша, 2022 жылғы III-тоқсанның қорытындысы бойынша мұнай құны барреліне 114,81-ден 87,96 АҚШ долларға дейін 23,4%-ға төмендеді. III-тоқсанның қорытындысы бойынша табиғи газдың баға белгілеулері Еуроодақтың 12 еліне Ресей газын жеткізудің қысқаруы және кейін толық тоқтатылуы, сондай-ақ өңірде орын алған тапшылықта сол кездегі Еуропада жылыту маусымы аясында 24,7%-ға өскенін көрсетті. 2022 жылғы тамызда ЕО елдері мен Ұлыбританияның Ресей көміріне эмбаргосын енгізу әлемдік нарықта қатты отынның қымбаттауына әкелді.

ОПЕК+ 2022 жылғы қазанда қабылдаған шешімнен кейін 2022 жылғы қарашада және желтоқсанда мұнай өндірудің ең жоғары деңгейі 2022 жылғы тамыздағы рұқсат етілген

деңгейімен салыстырғанда тәулігіне 2 млн баррельге төмендеді, мұнай баға белгілеулері қазан айының қорытындысы бойынша 87,96-дан 94,83 АҚШ долларына дейін 7,8%-ға өсті.

2022 жылдың соңына қарай коронавирус ауруының өсуі және Қытайда өнеркәсіптік өндірістің өсуінің баяулауы мұнайды қоса алғанда, барлық шикізатқа сұраныстың төмендеуіне әкелді. Қытай ірі мұнай импорттаушысы екенін ескерсек, бұл жаңалықтар мұнай бағамдарына төмендету әсерін тигізді.

Жоғарыда аталғандарды ескере отырып, бұрын-соңды болмаған санкциялар пакетін қабылдауға әкеп соқтырған геосаяси шиеленіс энергия тасымалдаушылар құнының өсуіне ықпал етті. Жалпы алғанда, 2022 жылдың қорытындысы бойынша Brent маркалы мұнайдың бағасы барреліне 77,78-ден 85,91 АҚШ долларына дейін 10,5%-ға көтерілді, көмір бағасы 2,4 есеге, табиғи газдың бағасы 20%-ға өсті.

II. Валюта нарығы

2022 жылдың басы сыртқы және ішкі нарықтарда жоғары құбылмалылықпен және белгісіздікпен сипатталды. Геосаяси жағдайдың шиеленісуі валюта нарығындағы өзгерістердің негізгі драйвері болды. Ресеймен сауда айналымының көлемі жоғары болуына, рубльдің өте әлсіреуі мен Ресейге қатысты енгізілген санкциялар теңгенің айырбастау бағамының динамикасына айтарлықтай әсер етті.

Ақпанның соңынан бастап теңге бағамының күрт әлсіреуі байқалды, ол 2022 жылғы наурыздың ортасында бір АҚШ доллары үшін 512,17 теңге ең жоғары мәніне жетті. Сонымен бірге, шыңына жеткеннен кейін айырбастау бағамы нығая бастап, 2022 жылғы мамырда бір АҚШ доллары үшін 414,79 теңге бір жылдағы ең төменгі мәніне жетті. Бұған ішкі валюта нарығын тұрақтандыру шаралары, оның ішінде квазимемлекеттік сектор субъектілерінің валюталық түсімдерін міндетті сату нормасын 50%-дан 75%-ға дейін өсіру, сондай-ақ салық төлемдері кезінде ірі сатылымдар ықпал етті.

Жылдың бірінші жартыжылдығында бағамның күрт өзгеруінен кейін, екінші жартыжылдықта теңгенің айырбастау бағамының динамикасы орташа құбылмалықпен сипатталды. Энергия тасымалдаушылардың құны, геосаяси жағдай, дамыған елдерде монетарлық жағдайларды күшейту мен басқа елдердің валюталарына қатысты АҚШ долларының нығаюы айырбастау бағамының динамикасына әсер еткен негізгі сыртқы факторлар болды.

Ішкі валюта нарығында квазимемлекеттік сектор субъектілерінің валюталық түсімдерін сатуы, сондай-ақ Ұлттық қордан бюджетке трасферттерді конвертациялау шеңберінде шетел валютасын сату, сондай-ақ теңгемен және валюталық депозиттердің мөлшерлемелері арасында айтарлықтай дифференциал теңгеге қолдау көрсетті. 2022 жылдың қорытындысы бойынша теңгенің биржалық бағамы АҚШ долларына қатысты – бір АҚШ доллары үшін 462,66 теңгеге дейін 7,1%-ға әлсіреді.

А) Ішкі валюта нарығындағы жағдай

Теңгенің АҚШ долларына қатысты айырбастау бағамының динамикасы 2022 жылдың басында барынша құбылмалы болды, ал жылдың екінші жартыжылдығында жекеленген кезеңдерді қоспағанда құбылмалық төмендеді (3-график). 2022 жылдың қорытындысы бойынша, сыртқы және ішкі факторлардың әсерінен теңге бағамы бір АҚШ доллары үшін 431,80 теңгеден 462,66 теңгеге дейін 7,1%-ға әлсіреді.

Геосаяси жағдайлардың шиеленісуі, Ресейге қарсы енгізіліп жатқан санкциялар мен мұнай нарығының өзгеруі теңге бағамының күрт құбылуына әсер етті.

Жыл басында қаржылық тұрақтылықты қолдау үшін теңгенің тартымдылығын арттыру және валюта нарығын тұрақтандыру үшін бірқатар шаралар қабылданды: кезектен тыс тәртіпте базалық мөлшерлеме өсірілді, Ұлттық Банк ҚР Үкіметімен бірлесе отырып жеке тұлғалардың теңгемен депозиттері бойынша өтемақы (сыйлықақы) есептеуді көздейтін теңгемен салымдарды қорғау бағдарламасын қабылдады. Ақпан мен наурыздың жекелеген күндері алыпсатарлық қысымды шектеу үшін Қазақстан қор биржасында сауда-саттық Франкфурт аукционы форматында жүргізілді. Осы кезеңде Ұлттық Банк теңге бағамының тұрақсыз құбылуына жол бермеу мақсатында валюталық интервенцияларды да жүргізді. Олардың көлемі 2022 жылғы қаңтар-наурызда 1,5 млрд АҚШ доллары болды. 2022 жылғы мамырда теңгенің бір АҚШ доллары үшін 414,79 теңгеге дейін едәуір нығаюы кезеңінде өтімділікті қолдау және шетел валютасының сұранысы мен ұсынысы арасындағы қалыптасқан теңгерімсіздікті реттеу мақсатында Ұлттық Банк 110,5 млн АҚШ доллары сомасында шетел валютасының артық ұсынысын сатып алды. Кейіннен валюталық интервенциялар жүргізілмеді.

3-график. Биржада теңгенің АҚШ долларына қатысты айырбастау бағамының құбылмалылығы, %



Дереккөзі: ҚҚБ, ҚР ҰБ есептеулері

Ұлттық қордан бюджетке трансферттерді бөлу шеңберінде шетел валютасын сату және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің валюталық түсімдерін міндетті түрде сату аясында сатуы теңгеге қолдау көрсетті. Олардың 2022 жылғы сату көлемі тиісінше 4,3 млрд АҚШ долларын және 5,1 млрд АҚШ долларын құрады (2021 жылмен салыстырғанда 1,7 есе көп) (4-график). Квазимемлекеттік сектордың сату көлемі ұлғаюы валюталық түсімін міндетті сату нормасын 50%-дан 75%-ға дейін өсірумен, сондай-ақ Қазақстанның экспорттық тауарларының бағасы өсуіне байланысты болды. Бұл ретте, 2022 жылы биржалық және банкаралық сегменттерде спот операцияларының жалпы көлемі 133,3 млрд АҚШ долларын құрады, бұл 2021 жылғы деңгейден 11,6%-ға төмен.

4-график. Биржалық нарықтағы сауда-саттықтың көлемі, ҰҚ валютаны конвертациялау



Дереккөзі: ҚР ҰБ

Спот пен своп операцияларын қоса, биржалық валюта нарығында сауда-саттықтың жалпы көлемі 90,5 млрд АҚШ доллары болды, бұл алдыңғы жылдың көлемінен 1,5 есе жоғары (5-график). Бұл ретте спот операцияларының сауда-саттық көлемі 13,1%-ға ж/ж төмендеді, ал своптар нарығындағы сауда-саттық көлемі 2,4 есе ж/ж өсті.

5-график. Мәмілелер типі бойынша биржалық валюта нарығындағы сауда-саттық көлемі



Дереккөзі: ҚҚБ, ҚР ҰБ

Мерзімдері бойынша валюталық своптардың құрылымы аздап өзгерді, 2022 жылы бір күндік валюталық своптар басым болды. Олардың үлесі 61%-дан 77%-ға дейін өсті. Абсолютті түрде, бір күндік валюталық своптар бойынша мәмілелер көлемі едәуір 3 есе өсіп, 46,8 млрд АҚШ долларын құрады. Бұл ретте 2 күндік валюталық своптар бойынша мәмілелер көлемі 13,4 млрд АҚШ долларына дейін 1,6 есе өсті. Олардың үлесі 33%-дан 22%-ға ж/ж дейін төмендеді. 1 апта және одан астам мерзімі бар валюталық своптар бойынша көлемдер 2022 жылғы валюталық своптардың жалпы көлемінен 1%-ды құрап, 2,8 есе төмендеді (6-график).

6-график. Биржалық валюталық своптар бойынша мәмілелер



Дереккөзі: ҚҚБ

Жаһандық тәуекел-сентимент нашарлауы аясында дамушы елдерден инвесторлардың кетуі орын алды, бұл бейрезиденттердің МБҚ мен ҚР ҰБ ноталарына салымдарының көлемі 2022 жылы 405,5 млрд теңгеге дейін 31,9%-ға төмендеуіне әкелді. Осылайша, бейрезиденттердің МБҚ мен ҚР ҰБ ноталары нарығында қатысу үлесі жыл басындағы 3,9%-дан 2022 жылдың соңында 2,1%-ға дейін төмендеді.

Б) Қолма-қол шетел валютасы нарығы

2022 жылы халық нетто негізде қолма-қол шетел валютасын 2,4 трлн теңге баламасындағы сомада сатып алды, бұл алдыңғы жылғыдан 22,4%-ға аз (7-график). Бұл көбінесе рубльді нетто-сатып алу төмендеуімен байланысты, ол шетел азаматтар келуі аясында халықтың рубльді сатуы біршама өсуіне, сондай-ақ Ресей рубліне сұраныс төмендеуіне байланысты болды.

Халықтың рубльді нетто-сатып алуының күрт төмендеуі 2022 жылғы сәуірде байқалды және Ресей рублін сату көлемі ұлғаюы және оны сатып алу көлемі төмендеуі жағдайында жыл соңына дейін біртіндеп жалғасты. Сонымен қоса, қыркүйекте Ресейдегі ішінара жұмылдыру туралы дүрбелеңнің аясында қолма-қол рубль ұсынысы сұраныстан асып түсті және нетто-негізде халық 2003 жылдан бері алғаш рет рубль сатушысы болды. Ресей рублін нетто-сатып алу көлемі 2,7 есе ж/ж төмендеді.

2022 жылы шығыстың негізгі көлемі АҚШ долларын сатып алуға – 75,7%, немесе 1 830,9 млрд теңге, Ресей рублін – 11,6%, немесе 281,04 млрд теңге және еуроны сатып алуға – 12,5%, немесе 301,9 млрд теңге бағытталды. Осымен қатар АҚШ долларын нетто-сатып алу 10,1%-ға ж/ж төмендеді. Осындай динамика жалпы 2022 жылы АҚШ долларына сұраныс төмендегенін көрсетті.

7-график. Халықтың шетел валютасын нетто сатып алуы/сатуы



Дереккөзі: ҚҚБ, Refinitiv, ҚР ҰБ есептеулері

III. Ақша-кредит талаптары

3.1. Базалық мөлшерлеме мен нарықтардағы мөлшерлеменің өзгеру динамикасы

2022 жылы базалық мөлшерлеме 9,75%-дан 16,75%-ға дейін 6 рет көтерілді, осыған байланысты былтырғы жылы ақша-кредит саясатының трансмиссиялық тетігі шеңберінде басқа мөлшерлемелер өзгеруінің жоғары динамикасы байқалды. Бұл ретте, барлық кредиттер бойынша мөлшерлемелер 2022 жылғы шілде мен қарашада бірқатар ірі ЕДБ тарапынан біржолғы бөліп төлеу аясында төмендеді.

2022 жылғы маусым-шілде айларында TONIA мөлшерлемесі өтімділік ұсынысының көлемін сақтай отырып, жекелеген қатысушылар тарапынан өтімділікке сұраныстың төмендеуі аясында жекелеген күндері пайыздық дәліздің төменгі шекарасынан төмен қалыптасты.

Теңгедегі, корпоративтік сектордың және халықтың депозиттері бойынша мөлшерлемелер базалық мөлшерлеме мен ақша нарығы мөлшерлемелерінің көтерілуіне байланысты өсті. Бұл ретте TONIA мөлшерлемесі мен теңгедегі салымдар бойынша жалпы мөлшерлеме арасындағы спрэд: 2021 жылғы желтоқсандағы 3,19 пайыздық тармақтан 2022 жылғы желтоқсандағы 1,90 пайыздық тармаққа дейін тарылды.

Базалық мөлшерлеменің өзгеруі заңды тұлғаларды кредиттеу құнына әсер етеді, ал жеке тұлғалардың кредиттері бойынша мөлшерлемелерге монетарлық талаптардың өзгеруі аз әсер етеді. Заңды тұлғалардың ұлттық валютадағы кредиттері бойынша орташа өлшенген мөлшерлеме 2021 жылғы желтоқсандағы 12,2%-дан 2022 жылғы желтоқсандағы 19,2%-ға дейін өсті.

МБҚ мен ҚРҰБ ноталары кірістілігінің орташа өлшенген мәндері базалық мөлшерлеменің өзгеруінен кейін өсіп, базалық мөлшерлеме деңгейіне жақын қалыптасты.

Корпоративтік облигациялардың кірістілік индексі (KASE_BMY) 2022 жылғы ақпаннан бастап базалық мөлшерлеме дәлізінің төменгі шекарасынан төмен қалыптасты.

8-график. Базалық мөлшерлеме мен нарықтардағы мөлшерлеменің өзгеру динамикасы



Дереккөзі: ҚР ҰБ, ҚҚБ, ҚДКҚ

3.2. Ақша нарығы

Ақша нарығындағы өтімділік профициті 2022 жылы аздап ұлғайып, негізгі көлемі қысқа мерзімді ноталармен, депозиттік аукциондармен және ҚРҰБ депозиттерімен алынды.

Репо нарығындағы пайыздық мөлшерлемелердің салық кезеңдерінде және теңгелік өтімділікке сұраныс артқан кезде жоғары белгісіздік кезеңдерінде өскені көрінді. Қалған кезеңдерде олар негізінен дәліздің төменгі шекарасына жақын қалыптасты.

Тарту бөлігінде бір күндік репо нарығының шоғырлануы 2022 жылы жоғары болып қалып, өтімділікті орналастыру бөлігінде нарық жоғары шоғырланған болды.

2022 жылы Ұлттық Банк дезинфляциялық ақша-кредит саясатын жүргізуді жалғастырды. Базалық мөлшерлеме жыл басындағы 9,75%-дан 2022 жылдың соңындағы 16,75%-ға дейін 6 рет көтерілді. Базалық мөлшерлемені көтеру туралы шешімдер геосаяси ахуалдың айтарлықтай нашарлауы кезінде сыртқы сектор тарапынан тәуекелдердің іске асуы аясында бағаларды тұрақтандыру қажеттілігіне байланысты болды.

2022 жылы TONIA мөлшерлемесі геосаяси шиеленістің күшеюіне байланысты жоғары құбылмалылық, Ресейге қарсы санкциялар енгізу кезеңдерін, сондай-ақ ірі салық кезеңдерін қоспағанда, көбінесе төменгі шекарада қалыптасты. Кепілді қамтамасыз етудің шектеулі көлеміне байланысты ҚРҰБ-да жекелеген күндері TONIA мөлшерлемесі пайыздық дәліздің төменгі шекарасынан төмен қалыптасты. Бұл бір мезгілде ұсыныс көлемін сақтай отырып, жекелеген қатысушылар тарапынан өтімділікке сұраныстың төмендеуімен қатар жүрді (9-график).

9-график. МБҚ-мен репо нарығындағы пайыздық мөлшерлемелер



Дереккөзі: ҚР ҰБ

Нәтижесінде жоғары құбылмалылық кезеңінде және салық апталары кезеңінде оң аймаққа өте отырып, TONIA мөлшерлемесі мен базалық мөлшерлеме арасында теріс спрэд қалыптасты. Осы кезеңдерде ақша нарығының мөлшерлемелері пайыздық дәліздің жоғарғы шекарасына жақындаған кезде базалық мөлшерлемелі спред (+)0,9-1,0 п.т. деңгейіне жетті. Орташа алғанда, бір жыл ішінде спрэд (-)0,2 п. п. деңгейінде қалыптасты.

А) Ұлттық Банктің операциялары

2022 жылы көбінесе ашық нарық құралдарымен алынатын ақша нарығындағы өтімділік профициті жыл соңындағы жағдай бойынша 3,4 трлн теңгеден 3,7 трлн теңгеге дейін 10,5%-ға өсті (10-график). 2022 жылдың соңындағы жағдай бойынша алып қоюдың негізгі

көлемі ноталар (2,2 трлн теңге), депозиттік аукциондар (1,0 трлн теңге) және ҚРҰБ депозиттері (0,9 трлн теңге) арқылы жүзеге асырылды.

Депозиттік аукциондар мен ноталар бойынша мөлшерлемелер базалық мөлшерлеменің өсуінен кейін көтеріліп отырды. Бұл ретте депозиттік аукциондар бойынша мөлшерлемелер базалық мөлшерлемеге тең болды, ал айлық ноталар бойынша мөлшерлемелер базалық мөлшерлемеге жақын қалыптасты.

10-график. ҚР ҰБ операциялары бойынша ашық позиция



Дереккөзі: ҚР ҰБ

11-график. ҚР ҰБ тұрақты қолжетімді операцияларының көлемі



Дереккөзі: ҚР ҰБ

Орташа алғанда, 2022 жылы өтімділікті ноталар арқылы алу көлемі 1 667,7 млрд теңгеге дейін 45,5%-ға, ал депозиттік аукциондар арқылы 974,0 млрд теңгеге дейін 38,4%-ға төмендеді.

2022 жылы өтімділікті тұрақты қолжетімді операциялар арқылы алу көбінесе депозиттер арқылы жүзеге асырылды, олардың көлемі жылына орта есеппен ж/ж 22,9%-ға өсті. Сонымен қатар тікелей репо операцияларымен алу орта есеппен 121,0 млрд теңгеге дейін ж/ж 2,9 есе өсті. Жылдың бірінші жартысында теңгелік өтімділікке сұраныстың артуы аясында ҚР ҰБ кері репо көмегімен өтімділікті ұсынды (11-график). Алайда, жылдың екінші жартысында бұл операциялар қысқарып, тек белгілі бір күндері жүргізілді.

Б) Репо овернайт нарығының құрылымы

Репо нарығының құрылымында 2022 жылғы орташа есеппен 50,1%-дық нарықтық үлесі бар бір күндік репо операциялары басым. Бұл ретте операциялар көлемі 14 күндік репо операцияларынан басқа ж/ж барлық мерзімдер бойынша өсті, олардың үлесі 22,8%-дан 13,0%-ға дейін төмендеді.

2022 жылы бір күндік репо нарығында өтімділікті орналастыру және тарту бойынша қатысушылардың құрылымы өзгерді (12-график). 2021 жылы орналастыру нарығының жалпы көлемінің орта есеппен 8%-ын құрайтын брокерлік және инвестициялық компаниялардың үлесі 2022 жылы 31%-ға дейін өсті, 2022 жылғы III тоқсанда 45%-ға дейін көтерілді. Ұлттық Банктің орташа қатысу үлесі 2021 жылғы 5%-дан 2022 жылғы 10%-ға дейін өсті.

Қалған қатысушылар өтімділікті орналастырудағы өз үлестерін төмендетті: екінші деңгейдегі банктердің үлесі 2021 жылы 53%-дық орташа деңгейден 2022 жылы 28%-ға дейін, ал ірі қорлар, даму банктері, мемлекеттік компаниялар 2021 жылы 34%-дан 2022 жылы 32%-ға дейін біртіндеп төмендеді.

Активтер мөлшері бойынша Топ-10 ЕДБ өтімділікті орналастыру бөлігінде үстем болды, олардың 2022 жылғы барлық ЕДБ-дан үлесі орта есеппен ж/ж 78%-дан 82%-ға дейін өсті.

Өтімділікті тарту бөлігіндегі негізгі қатысушылардың құрылымы да өзгерді. Олардың ішінде брокерлік, инвестициялық компаниялардың үлесі 2022 жылы орташа есеппен 37%-ға дейін (2021 жылы 53%), ал ірі қорлардың, даму банктерінің, мемлекеттік компаниялардың үлесі 2021 жылғы 3%-дан 2022 жылғы орташа алғандағы 1%-ға дейін төмендеді.

Өтімділікті тарту бойынша қатысушылар арасындағы екінші деңгейдегі банктердің үлесі 2021 жылғы 38%-дан 2022 жылғы орташа алғандағы 46%-ға дейін ұлғайып, нарықтың жартысына жуығына жетті. Бұл өтімділікті тарту бөлігінде бір күндік репо нарығының жоғары шоғырлануын сақтауға септігін тигізді. Өтімділік профицитінің өсуі аясында Ұлттық Банктің тартудағы үлесі 16%-ға дейін ұлғайды (2021 жылғы орташа алғандағы 6%).

Өтімділікті орналастыру бөлігінде нарық брокерлік, инвестициялық компаниялар мен ірі қорлар үлесінің өсуіне, сондай-ақ екінші деңгейдегі банктер мен даму банктерінің, мемлекеттік компаниялар үлесінің төмендеуіне байланысты неғұрлым жоғары шоғырланған түріне айналды (13-график).

12-график. 1-күндік репо нарығының құрылымы



Дереккөзі: ҚР ҰБ, ҚҚБ
** Басқа да брокерлік және инвестициялық компаниялар, ірі қорлар мен даму банктері*

13-график. Бір күндік репо нарығының шоғырлануы (Херфиндаль-Хиршман индексі)



Дереккөзі: ҚР ҰБ
Нарықтағы шоғырлану дәрежесін бағалау үшін қолданылатын Херфиндаль — Хиршман индексі негізінде есептелді. Барлық қатысушылардың үлестері квадраттарының сомасы ретінде айқындалады. Индекс мәні: нарықтың жеке қатысушысының үлес салмағы неғұрлым көп болса, индекстің мәні соғұрлым жоғары болады. Осылайша, аймақ неғұрлым бұлыңғыр болса, шоғырлану соғұрлым жоғары болады:
Жоғары шоғырланған нарықтар: 1800 < HHI < 10000; -10000 < HHI < -1800
Орташа шоғырланған нарықтар: 1000 < HHI < 1800; -1800 < HHI < -1000
Төмен шоғырланған нарықтар: 0 < HHI < 1000; - 1000 < HHI < 0

IV.Қор нарығы

2022 жылы МБҚ нарығындағы сауда-саттық көлемі бюджет тапшылығын қаржыландыру мақсатында ҚР ҚМ тарапынан орналастыру көлемінің өсуі аясында айтарлықтай ұлғайды. Қазақстанның қор биржасында саудаланатын мемлекеттік борыштың өсу жалғасуда (21% ж/ж).

МБҚ нарығында бейрезиденттердің қатысу үлесінің қысқаруы жалғасты. 2022 жылы тәуекелсіз кірістілік қисығы қысқа мерзімді уақыт аралығында ұлғайып, ұзақ мерзімді уақыт аралығында төмендеп, инверттелген (кері) нысанды сақтап қалды. 2022 жылы корпоративтік облигациялардың кірістілік индексі (KASE_BMY) 12,66-ға дейін 2,04 базистік тармаққа өсті. 2022 жылы корпоративтік облигациялар нарығындағы сауда-саттық көлемі ж/ж шамалы өсті, бірақ пандемияға дейінгі деңгейден төмен болды.

А) ҚР ҚМ Мемлекеттік бағалы қағаздар

Базалық мөлшерлеменің өзгеруі тәуекелсіз кірістілік қисығында, әсіресе 1 жылға дейінгі ең қысқа мерзімді уақыт аралығында көрінеді. 2022 жылы 3 жылға дейінгі қысқа мерзімді уақыт аралығында тәуекелсіз кірістілік қисығының айтарлықтай өсуі 2022 жыл ішінде базалық мөлшерлеменің қаңтардағы 9,75%-дан желтоқсандағы 16,75%-ға дейін 6 рет артуы аясында орын алды. Ұзақ мерзімді уақыт аралығында мәмілелер жоқ, бұл оған мөлшерлемелердің өзгеруінің оған аз әсер еткенін көрсетеді. 2022 жылы ҚР ҚМ орналастырылатын МБҚ-ның бастапқы нарықтағы кірістілігі жылдық 10,30-16,58% аралығында, 2021 жылы 8,99-10,87% аралығында құбылды.

14-график. Кірістілік қисығы



Дереккөзі: ҚР ҰБ, ҚҚБ

2022 жылы Ұлттық Банк трансмиссиялық тетіктің тиімділігін және ҚР ҚМ борыштық құралдарының өтімділігін арттыру жөніндегі жұмысты жалғастырды. Атап айтқанда, 2022 жылғы II тоқсаннан бастап Ұлттық Банк 182 күндік ноталар шығарылымының күшін жойды және 91 күндік ноталар шығарылымының көлемін 100 млрд теңгеге дейін шектеді, 2022 жылғы маусымда 91 күндік ноталар шығарылымының күшін жойып, қысқа мерзімді өтімділікті реттеуге көңіл бөлді. Бұл шаралар ҚР ҚМ МБҚ орналастырудың өсуіне, сондай-ақ нарықтық инвесторлар үлесінің ұлғаюына ықпал етті. Бұл ретте 2022 жылы геосаяси тәуекелдер мен инфляцияның жеделдеуін күту аясында ҚР ҚМ МБҚ-ға сұраныс төмендеді.

Жалпы, МБҚ өтімділігін арттыру жөніндегі шаралар 2020 жылдан басталды. Осы шаралардың нәтижесінде нарықтық инвесторлардың МБҚ аукциондарына қатысу үлесі 2020 жылғы 32,7%-дан 2021 жылы 69,2%-ға дейін өсті, ал 2022 жылы қатысу үлесі 24,6%-ға дейін төмендеді. Бұдан басқа, нарықтық инвесторлардың мерзімі 1 жылдан 5 жылға дейінгі МБҚ орналастырудағы қатысу үлесі 2021 жылы 91,4%, 2022 жылы 24,7% болды.

KASE-де саудаланатын мемлекеттік қарыз 2023 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 3,72 трлн теңгеге немесе 21%-ға ж/ж ұлғайып 21,5 трлн теңге болды. Осындай өсім МЕКАМ санатының қолданыстағы және жаңа шығарылымдары бойынша орналастырулардың ұлғаюына және еурооблигациялар бойынша сауда-саттықтың өсуіне байланысты. 2022 жылы ҚРҰБ ноталары шығарылымдарының және жергілікті атқарушы органдар шығарылымдарының саны қысқарды.

ҚҚБ деректері бойынша 2023 жылғы 1 қаңтарда ҚҚБ-да саудаланатын мемлекеттік борыш құрылымында өтелгенге дейінгі мерзімдер бойынша елеулі өзгерістер байқалған жоқ: мерзімі 1 жылдан 3 жылға дейінгі (20%-ға дейін) және 3 жылдан 5 жылға дейінгі (18%) орта мерзімді МБҚ үлесі біртіндеп өсіп келеді, ал мерзімі 5 жылдан 10 жылға дейінгі (20%) және 10 жылдан асатын (21%) ұзақ мерзімді МБҚ үлесі төмендеуде.

2022 жылы сауда-саттық көлемінің бастапқы нарықта 1 555 млрд теңгеге, сол сияқты қайталама нарықта 953 млрд теңгеге өсуі есебінен МБҚ нарығындағы сауда көлемі 2 еседен астам ұлғайып ж/ж, 6 трлн теңге болды. Жергілікті атқарушы органдарды қоспағанда, барлық эмитенттер тарапынан қарыз алу өсті.

2022 жылы МБҚ-ның бастапқы нарығында сауда-саттық көлемі 4 145,7 млрд теңге болды, бұл 53,5%-ға жоғары ж/ж. Бастапқы нарықта МБҚ орналастыру көлемінің негізгі өсуі ҚР Қаржыминіне тиесілі, ол бюджет тапшылығын қаржыландыру мақсатында өтеуге дейінгі мерзімі 1 жылдан 15 жылға дейінгі 3 969 млрд теңгені 10,3%-16,58%-бен тартты (64,5%-ға жоғары ж/ж, 19-график). Бұл ретте республикалық бюджет тапшылығының болжамы ЖІӨ-ге қатысты 3,3% немесе 2 978 млрд теңге деңгейінде болды. 2022 жылғы тамызда ҚР Қаржымині МБҚ-ға сұранысты арттыру мақсатында TONIA мөлшерлемесіне индекстелген МЕТИКАМ қазынашылық міндеттемелерін шығара бастады. ҚР Қаржымині тамыз-желтоқсан айларында жалпы сомасы 825,3 млрд теңгеге өтеу мерзімі 3 жылдан 6 жылға дейінгі МЕТИКАМ шығарды.

Қалған 176,4 млрд теңге көлемін жергілікті атқарушы органдар (12 облыстың әкімдіктері және Республикалық маңызы бар қалалардың 3 әкімдігі) мемлекеттік бағдарламаларды («2020-2025жж арналған «Нұрлы жер.», «Шаңырақ» және басқалар) қаржыландыру үшін 1,7-2 жыл өтелгенге дейінгі мерзіммен 0,35-4,24%-бен тартты.

Сондай-ақ, 2022 жыл ішінде ҚР ҚМ бағалы қағаздарды шығару кестесіне кезең-кезеңімен (3 рет[1]) өзгерістер енгізілгенін атап өткен жөн, бұл ретте ҚР Қаржыминінің МБҚ шығарудың нақты көлемі ҚР ҚМ МБҚ шығарудың 2022 жылға арналған бастапқы жоспарлы көлемінен[2] айтарлықтай асып түсті.

2023 жылы ҚР ҚМ жалпы сомасы 4 898,8 млрд теңгеге МБҚ[3] шығаруды жоспарлап отыр, бұл 2022 жылы ҚР ҚМ МБҚ-ның нақты шығарылымына қарағанда 23,4%-ға жоғары. ҚР ҚМ МБҚ шығару кестесінде орналастырудың негізгі көлемі орта мерзімді және ұзақ мерзімді МБҚ-ға келеді.

---

[1] https://kase.kz/ru/search/?search=%D0%B3%D1%80%D0%B0%D1%84%D0%B8%D0%BA+%D0%B2%D1%8B%D0%BF%D1%83%D1%81%D0%BA%D0%B0+%D0%93%D0%A6%D0%91

[2] https://kase.kz/ru/news/show/1475830/

[3] https://www.gov.kz/memleket/entities/minfin/documents/details/391888?lang=ru

Жалпы, ҚР МБҚ шығару құрылымында ірілендіру үрдісі байқалады, бұл бағалы қағаздар нарығының өтімділігін жақсартуға ықпал етеді.

МБҚ-ның қайталама нарығындағы сауда-саттық көлемі 2022 жылы 1 858,7 млрд теңге болды, яғни 2,1 есе көп ж/ж. Қайталама нарықтағы ҚРҰБ ноталарымен сауда-саттық үлесі 39,1% немесе сауда-саттықтың жалпы көлемінен 727,8 млрд теңгені құрады, МЕКАМ үлесі- 54,3% немесе 1 009,1 млрд теңге, Қазақстан Республикасы еурооблигацияларының үлесі – 4,7% немесе 87,3 млрд теңге, қалған 1,9% немесе 34,5 млрд теңге шет мемлекеттердің МБҚ мәмілелеріне тиесілі.

15-график. ҚР ҚМ МБҚ нарығындағы мәмілелер көлемі млрд теңге



Дереккөзі: ҚҚБ

16-график. ҚМ орналастырылған МБҚ-сы өтелгенге дейінгі мерзімдер бөлігінде



Ағымдағы макроэкономикалық және геосаяси жағдай аясында бейрезиденттердің МБҚ нарығына қатысу үлесі мен ноталар үлесі төмендеп, 2022 жылғы желтоқсан айының соңында 2,23% (2021 жылғы желтоқсан айының соңында – 4,26%) болды. Жалпы, басқа елдердің облигациялары бар Қазақстанның МБҚ кірістілігінің кең дифференциалы шетелдік инвесторлар үшін ҚР МБҚ тартымдылығының факторы болып табылады. Алайда, әлемдік нарықтардағы теріс сентиментті және тәуекелді активтерге сұраныстың төмендеуін ескере келгенде, МБҚ нарығында бейрезиденттер тарапынан белсенділік байқалмады.

17-график. Бейрезиденттердегі МБҚ көлемі, млрд теңге



Дереккөзі: ҚРҰБ, БҚОД

Б) Корпоративтік облигациялар нарығы

2022 жылы ҚҚБ-дағы корпоративтік облигациялармен сауда-саттық көлемі 2,5 трлн теңгеге дейін 25,6%-ға ж/ж өсті. Сауда-саттықтың орташа күндік көлемі 10,2 млрд теңге (қайталама нарықта – 4,1 млрд теңге), мәмілелердің орташа күндік саны – 75 мәміле (қайталама нарықта – 67 мәміле), бір мәміленің орташа көлемі – 134,7 млн теңгені (қайталама нарықта – 60,4 млн теңге) болды.

2022 жылы корпоративтік облигациялардың бастапқы нарығында жалпы сомасы 1 492,2 млрд теңгеге 20 эмитенттің 53 шығарылымының облигациялары орналастырылды, бұл 30,5%-ға ж/ж жоғары.

18-график. Корпоративтік облигациялар нарығындағы мәмілелер көлемі (млрд теңге)



Дереккөзі: ҚҚБ

2022 жылы орналастыру көлемі бойынша «Қазақстанның орнықтылық қоры» АҚ (535 млрд теңге немесе 60,7%), «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» АҚ (118,9 млрд теңге немесе 13,5%), «ҚазАгроҚаржы» АҚ (40,2 млрд теңге немесе 4,6%), Bank RBK (40 млрд теңге немесе 4,5%), «Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы» Ұлттық компаниясы» АҚ (39,4 млрд теңге немесе 4,5%) көшбасшы болды. Инвесторлардың негізгі санаттары бойынша бөлгенде корпоративтік облигациялардың бастапқы нарығында өзге заңды тұлғалардың үлесі 58,1%, банктердің үлесі 27,0%, басқа институционалдық инвесторлардың үлесі 11,1%, брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесі 2,9%, жеке тұлғалардың үлесі 0,8% болды.

Бейрезиденттердің қатысу үлесі 3,5% болды. Облигациялардың қайталама нарығындағы сауда-саттық көлемі 996,7 млрд теңгеге дейін 19,1%-ға ж/ж өсті. Инвесторлардың негізгі санаттары бойынша бөлгенде корпоративтік облигациялардың қайталама нарығында басқа да заңды тұлғалардың үлесі 73,0%, басқа институционалдық инвесторлардың үлесі 13,1%, брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесі 5,2%, банктердің үлесі 4,8%, жеке тұлғалардың үлесі 3,9% болды. Бейрезиденттердің үлесі 16,4% болды.

Нарықтық емес мөлшерлемелер бойынша және шетел валютасындағы мәмілелерді қоспағанда, орналастырылған облигациялар бойынша мөлшерлемелер 10,32-17,5% аралығында өзгерді. 2022 жылы KASE_BMY корпоративтік облигацияларының кірістілік индексі жылдық 12,66%-ға дейін 204 базистік тармаққа өсті.

19-график. Корпоративтік облигациялар кірістілігінің динамикасы, %



Дереккөзі: ҚҚБ

B) Акциялар нарығы

2022 жылы әлемдік қор нарығы жоғары белгісіздік жағдайында дамыды, олар: жеткізу жолдарының жаһандық дағдарысы, инфляцияның рекордтық көрсеткіштері, әлемдік орталық банктердің ақша-кредит талаптарын қатаңдатуы, әлемдегі рецессия қауібі және т.б.

Ресей мен Украина арасындағы геосаяси қақтығыс бүкіл әлемдегі қор нарықтары индекстерінің төмендеуіне ықпал етті.

Жалпы жоғарыда аталғандар 2022 жылы әлемдік қор нарығының баға белгілеулеріне айтарлықтай теріс әсер етті. Мәселен, S&P 500 (АҚШ) индексі 19,4%-ға, Euro stoxx (еуроаймақ) – 11,7%-ға төмендеді, Ресейдің MOEX қор биржасы қатты құлдырады – 43,1%.

2022 жылдың қорытындысы бойынша KASE индексі Қазақстанның экспорттық тауарлары бағасының құбылмалылығы, экономикалық белсенділіктің баяулауы, сондай-ақ әлемдік қор нарықтарындағы теріс динамика салдарынан 3 675,28 тармақтан 3 251,64 тармаққа дейін 11,5%-ға төмендеді (20-график).

20-график. Басқа елдердің қор биржаларының және KASE индекстері (2019ж. желт. = 100)



Дереккөзі: ҚҚБ, Thomson Reuters

2022 жылдың қорытындысы бойынша KASE өкілдік тізімінен оң аймаққа екі акционерлік қоғамның – «ЦентрКредит Банкі» АҚ және «Кселл» АҚ жай акциялары шықты.

«ЦентрКредит Банкі» АҚ акцияларына бағаның өсуі «Альфа Банк» АҚ ЕБ сатып алу аясында 60,8% құрады. 2022 жылғы желтоқсанда Moody's Investors Service халықаралық рейтингтік агенттігі «ЦентрКредит Банкі» АҚ депозиттерінің ұзақ мерзімді рейтингтерін растады және болжамды «Тұрақтыдан» «Оңға» дейін жақсартты.

Қаржы секторының қалған өкілдері жылды теріс аймақта жапты. «Қазақстан Халық жинақ банкі» АҚ-тың жай акциялары 32,4%-ға, «Kaspi.kz» АҚ – 36,5%-ға төмендеді.

Байланыс секторы көп бағытты дамыды. Егер «Kcell» АҚ жай акцияларының бағасы 6,0%-ға өссе, «Қазақтелеком» АҚ акцияларының бағасы 20,8%-ға төмендеді.

2022 жылғы желтоқсанда Fitch Ratings «Кселл» АҚ-тың ұзақ мерзімді рейтингін «Тұрақты» болжаммен «BB+» деңгейінде, «Қазақтелеком» АҚ – «Тұрақты» BBB- деңгейінде, сондай-ақ компания түсімінің ұлғаюы жөніндегі болжамды растады.

Энергетика секторында «KEGOC» АҚ жай акцияларының бағасы 13,4%-ға, «Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясы» АҚ – 23,8%-ға, «ҚазТрансОйл» АҚ – 32,9%-ға төмендеді.

Сонымен қатар, желтоқсан айында «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ IPO іске қосылды. Акцияларды орналастыру жергілікті инвесторлардан тартылған инвестициялар сомасы және қатысушылар саны бойынша рекордтық көрсеткішке жетті. KASE ҚазМұнайГаз акцияларына сұраныс көлемі 2012 жылы «Халықтық IPO» бағдарламасы шеңберінде орналастырылған «ҚазТрансОйл» АҚ акцияларына сұраныстан 2,5 есе асып түсті.

ҚазМұнайГаз қарапайым акцияларын KASE сауда жүйесінде жария бастапқы орналастыру қорытындысы бойынша 137,5 млрд теңге тартылды, бұл осы IPO шеңберінде инвесторлардың қанағаттандырылған өтінімдерінің жалпы көлемінің 89% құрайды.

21-график. KASE индекстері және оның құрамдас бөліктері (2019ж. жел.=100)



Дереккөзі: ҚҚБ, Thomson Reuters

2022 жылғы желтоқсанның соңында KASE акциялар нарығын капиталдандыруы негізінен акцияларға баға белгілеуді түзету есебінен бір жылда 26,4%-ға төмендеп, 21,2 трлн теңге болды.

Акциялар нарығындағы сауда-саттық көлемі 2022 жылы 22,4%-ға төмендеп, 333,0 млрд теңгені құрады, оның 25,7 млрд теңгесі шетелдік бағалы қағаздармен сауда жасайтын KASE Global тиесілі.

22-график. Акциялар нарығындағы сауда-саттық көлемі

Дереккөзі: ҚҚБ

V. Депозит нарығы

Депозиттік ұйымдардағы депозиттер көлемі 2022 жылы тарихи ең жоғары деңгейге жетті, бұл, оның ішінде, теңгедегі салымдарды қолдау және сыйақы мөлшерлемелерін арттыру бойынша қабылданған шараларға байланысты болды.

Депозиттік ұйымдардағы долларланудың жалпы деңгейі бір жыл ішінде 36,0%-дан 31,6%-ға дейін төмендеді.

Заңды тұлғалардың салымдарының доллардануы 33,6%-ды құрады, бұл соңғы 9 жылдағы ең төменгі көрсеткіш, жеке тұлғалардың депозиттерінің доллардануы – 2007 жылғы шілдеден бері тарихи ең төменгі деңгейге дейін – 29,7%-ға төмендеді.

Теңгедегі депозиттер бойынша мөлшерлемелер базалық мөлшерлеменің ұлғаюынан кейін 2021 жылғы желтоқсаннан бастап 14,4%-ға дейін 7,0 пайыздық тармаққа өсті.

А) Депозиттік операциялар

Банк жүйесіндегі депозиттер көлемі бір жыл ішінде 30,9 трлн теңгеге дейін 3,8 трлн теңгеге немесе 14,1%-ға ұлғайып, тарихи ең жоғары деңгейге жетті (23-график). Депозиттердің өсуіне ұлттық және шетел валютасындағы депозиттер бойынша мөлшерлемелер арасындағы жоғары дифференциал аясында ұлттық валютадағы салымдардың ұлғаюы негізгі үлес қосты.

23-график. Депозиттік портфельдің құрылымы, трлн теңге



Дереккөзі: ҚРҰБ

Ұлттық валютадағы салымдар негізінен жылдық өсімі 26,3%-ды құрайтын жеке тұлғалардың салымдары есебінен 21,1 трлн теңгеге дейін 22,0%-ға ұлғайды. ҚР Үкіметімен бірлесіп теңгедегі жеке тұлғалардың депозиттеріне өтемақы (сыйлықақы) есептеуді көздейтін теңгедегі салымдарды қорғау бағдарламасы өз кезегінде ұлттық валютадағы депозиттік шоттардан қаражаттың кетуін тежеуге ықпал етті.

Заңды тұлғалардың теңгедегі салымдары да 17,6%-ға өсті (24-график).

24-график. Депозиттердің өсуіне құрамдас бөліктерінің қосқан үлесі, %-бен ж/ж



Дереккөзі: ҚРҰБ

Шетел валютасындағы депозиттер 9,8 трлн теңгеге дейін 0,2%-ға шамалы өсті (валюталық баламасы – 6,5%-ға төмендеді). Олардың құрылымында жеке тұлғалардың салымдары 2,0%-ға өсті, ал заңды тұлғалардың шетел валютасындағы салымдары 1,4%-ға төмендеді.

Шетел валютасындағы салымдардың қысқаруы аясында заңды тұлғалардың теңгедегі салымдарының айтарлықтай өсуі валютадағы салымдардан теңгедегі салымдарға қаражаттың ішінара ағыны туралы куәландыруы мүмкін.

Б) Депозиттерді долларландыру

2022 жылы депозиттерді долларсыздандыру үрдісі жалғасты. 2022 жылғы ақпанда геосаяси тәуекелдерді іске асыруға байланысты депозиттердің жалпы долларлану деңгейі 38,4%-ға дейін шарықтау шегіне жетті. Алайда, теңгедегі салымдарды қолдау бойынша қабылданған шаралардың салдарынан желтоқсанда салымдарды долларландыру бір жыл ішінде 4,4 пайыздық тармаққа азайып, соңғы 10 жылда ең төменгі деңгейге – 31,6%-ға жетті (2021 жылғы желтоқсанда – 36,0%).

Заңды тұлғалардың депозиттеріне сыртқы факторлар мен валюта нарығындағы тұрақсыздық көбірек әсер етеді. Теңге бағамының әлсіреуі кезеңінде валютадағы салымдардың белсенді өсуі байқалады. Мысал ретінде 2022 жылғы маусымнан бастап заңды және жеке тұлғалардың депозиттерін долларландыру арасында алшақтық артуы болды. Сыртқы сектордағы турбуленттіліктің жекелеген кезеңдеріне қарамастан, заңды тұлғалардың долларлануы 2022 жылы 4,4 пайыздық тармаққа төмендеп, 33,6% құрады, бұл соңғы 9 жылдағы ең төменгі көрсеткіш болды. Жеке тұлғалардың долларлануы 29,7%-ға дейін 4,6 пайыздық тармаққа төмендеп, 2007 жылғы шілдеден бері ең төменгі деңгейге жетті (25-график).

Долларлану динамикасына депозиттік мөлшерлемелер бойынша қалыптасқан жоғары дифференциал әсер етті. 2022 жылы базалық мөлшерлеменің өсуінен кейін «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ халықтың депозиттері бойынша шекті мөлшерлемелерді көтерді. Мерзімсіз депозиттер бойынша шекті мөлшерлемелердің мөлшері 2022 жылғы желтоқсанда 9,3%-дан 16,3%-ға дейін, 12 ай мерзімге толықтырылмайтын жинақ депозиттері бойынша 13,9%-дан 16,9%-ға дейін ұлғайды. Бұл ретте халықтың валютадағы салымдары бойынша сыйақының шекті мөлшері бұрынғы – 1% деңгейінде сақталды.

25-график. Депозиттерді долларландыру, %



Дереккөзі: ҚРҰБ

Теңгедегі салымдардың жоғары мөлшерлемелері аясында 2022 жылы долларсыздандыру орын алды, ол теңгедегі салымдардың түсуімен қатар жүруі мүмкін. Сонымен қатар, долларсыздандыруға валюталық салымдардың төмендеуі ықпал етті. Жыл қорытындысы бойынша ұлттық валютаның 7,1%-ға әлсіреуі негізінен долларландырудың төмендеуіне әкелген факторлармен теңестірілді. 2022 жылғы ақпан мен маусымды қоспағанда айырбастау бағамының өзгеруі есебінен депозиттерді қайта бағалау депозиттерді долларландыруға төмен әсер етті (26-график).

26-график. Банк жүйесіндегі долларландырудың өзгеруіне әсер ететін факторлар, %



Дереккөзі: ҚРҰБ

Халықтың депозиттерін долларсыздандыру тенденциясы шағын және орта салымдар сегментінде айқын көрінеді. 2022 жылдың желтоқсан айының соңында шоттағы көлемі 10 млн теңгеге дейінгі депозиттерді долларландыру 13,5% (2021 жылы - 15,8%), 50 млн теңгеге дейін- 24,8% (29,9%) құрады.

Депозиттерге кепілдік беру жүйесіндегі өзгерістер долларсыздандыру трендіне қолдау көрсетті. 2022 жылғы қаңтардан бастап теңгедегі жинақ салымдары бойынша кепілдік өтемнің ең жоғары мөлшері 15 млн теңгеден 20 млн теңгеге дейін ұлғайды. Нәтижесінде кепілдіктердің ең жоғары сомасы теңгелік салымдар бойынша 10-20 млн, валюталық салымдар бойынша – 5 млн теңгені құрады.

Ірі салымдар сегментінде (50 млн теңгеден астам) 2022 жылы долларландыру деңгейі жоғары болып 66,2% (65,8%) құрады, бұл депозиттердің жалпы долларландыру мөлшерінен 2 есе дерлік болып табылады.

В) Депозиттік мөлшерлемелер

Базалық мөлшерлеме мен ақша нарығы мөлшерлемелерінің өсуінен кейін корпоративтік сектордың да, халықтың да теңгелік салымдары бойынша мөлшерлемелері өсуде.

Бұл ретте TONIA мөлшерлемесі мен теңгелік салымдар бойынша жалпы мөлшерлеме арасындағы спрэд 2021 жылғы желтоқсандағы 3,19 п.т.-дан 2022 жылғы желтоқсандағы 1,90 п. т.-ға дейін тарылуда.

Заңды тұлғалардың салымдары бойынша 1 айға дейінгі мерзімге ең көп тарту үлесімен (84,7%) мөлшерлемелер бір жыл ішінде 7,4%-дан 14,6%-ға дейін ұлғайды. 1 айдан 3 айға дейінгі салымдар бойынша орташа өлшенген мөлшерлемелер 8,4%-дан 14,8%-ға (4,5%) ұлғайды, 3 айдан 1 жылға дейінгі салымдар бойынша 7,5%-дан 13,2%-ға (9,9%) ұлғайды (27-график).

27-график. Заңды тұлғалардың депозиттері бойынша мөлшерлемелері, %



Дереккөзі: ҚРҰБ

Бөлшек сегментте 3 айдан 1 жылға дейінгі (29,4%) және 1 жылдан 5 жылға дейінгі (48,8%) мерзімдер бойынша тартудың ең көп үлесі бар мерзімді теңгелік салымдардың мөлшерлемелері де өсім көрсетті. 3 айдан 1 жылға дейінгі қысқа мерзімді салымдар бір жылдағы құнында 8,4%-дан 13,2%-ға дейін өсті. 1 жылдан 5 жылға дейінгі салымдар бойынша мөлшерлемелер 8,6%-дан 13,7%-ға дейін өсті (28-график).

28-график. Жеке тұлғалардың депозиттері бойынша мөлшерлемелері, %



Дереккөзі: ҚРҰБ

VI. Кредит нарығы

Монетарлық саясаттың қатаңдауы заңды тұлғалардың кредиттері бойынша мөлшерлемелердің өсуіне әкелді. Жеке тұлғалардың кредиттері бойынша мөлшерлемелер ақша-кредит шарттарының өзгеруіне қатты әсер еткен жоқ.

2022 жылы берілген кредиттер көлемі ұлғайды. Жаңа тұтынушылық кредиттер жоғары инфляциялық күтулер аясында, ипотекалық кредиттер жеңілдетілген ипотекалық бағдарламалар жағдайында өсті.

Экономиканы кредиттеу (қалдық) негізінен жеке тұлғаларды кредиттеу есебінен елеулі өсуді көрсетті. Баяулағанына қарамастан, тұтынушылық және ипотекалық кредиттердің жылдық өсімі жоғары деңгейде қалды. Заңды тұлғалардың кредиттерінің өсуі ж/ж өткен жылдың қорытынды мәнімен салыстырғанда жеделдеді. Өсім барлық дерлік салаларда тіркелген.

А) Кредиттер бойынша мөлшерлемелер

2022 жылы базалық мөлшерлеменің өзгеруі аясында кредиттік ресурстардың құны өсті. 2022 жылғы желтоқсанда заңды тұлғалардың қысқа мерзімді (1 жылға дейінгі мерзіммен) және ұзақ мерзімді (1 жылдан астам мерзіммен) кредиттері бойынша орташа өлшенген мөлшерлемелер тиісінше 19,0% және 19,8%-ға дейін ж/ж 7,1 п.т. өсті (29-график).

29-график. Базалық мөлшерлеме мен ЗТ кредиттеу құны, %



Дереккөзі: ҚРҰБ

Базалық мөлшерлеменің өзгеруі жеке тұлғаларға жаңа несиелердің құнына шектеулі әсер етеді. Тұтынушылық кредиттеудегі тауарларды бөліп төлеудің едәуір үлесі (номиналды нөл пайыздық мөлшерлемемен) тұтынушылық мақсаттарға берілген кредиттердің құнын бұрмалайды. Маркетингтік акциялардың жиі басталуы мөлшерлемелердің төмендеуіне және тұтынушылық кредиттеудің ұлғаюына әкеледі. Тұтынушылық қарыздар бойынша мөлшерлемелер бір жыл ішінде 1,7 п.т. төмендеп, 17,2% құрады.

Ақша нарығының мөлшерлемелерінің ипотекалық мөлшерлемелерге беру әсері мемлекеттік ипотекалық бағдарламалармен бұрмаланған. Ипотека бойынша орташа өлшенген мөлшерлеме жеңілдетілген ипотеканың едәуір үлесін ескере отырып базалық мөлшерлемемен салыстырғанда айтарлықтай төмен деңгейде болуда. Нәтижесінде, 2022

жылғы желтоқсанда ипотека бойынша мөлшерлеме 9,7%-ға дейін ж/ж 1,2 п.т.-қа шамалы өсті (30- график).

Нәтижесінде желтоқсанда жеке тұлғалардың теңгелік кредиттері бойынша жалпы мөлшерлеме 17,4% (2021 жылғы желтоқсанда – 17,5%) құрады және базалық мөлшерлеменің мәніне жақын деңгейде тұр.

30-график. Базалық мөлшерлеме мен ЖТ кредиттеу құны, %



Дерекқөзі: ҚРҰБ

Б) Жаңа кредиттер беру

ЕДБ-ден 2022 жылы берілген жаңа кредиттердің көлемі 12,0%-ға артып, 24,1 трлн теңгені құрады. Жеке тұлғаларға берілген кредиттер 12,4 трлн теңгеге дейін 19,3%-ға өсті, байқаудың барлық кезеңінде заңды тұлғаларға берілген кредиттерден (11,7 трлн теңгеге дейін 5,1%-ға ұлғайды) асып түсті (31-график).

31-график. Жаңа берілген кредиттер, трлн теңге



Дерекқөзі: ҚРҰБ

2022 жылы берілген жеке тұлғалардың кредиттеріндегі негізгі үлесті тұтынушылық кредиттер (69,2%) құрады. 2022 жылы берілген тұтынушылық қарыздары ж/ж 17,9%-ға ұлғайды (32-график). Өсуді ынталандырудың басты драйверлерінің бірі ірі банктердің шілде, қыркүйек, қараша және желтоқсан айларында өткізілген маркетингтік акциялары болып табылады. Халықты тұтынушылық кредиттеудің өсуінің қосымша драйвері «Қазақстанның даму банкі» АҚ (ҚДБ) мен «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ бірлесіп 2022 жылғы мамырда жеңілдікті автокредиттеуді іске қосуы болып табылады.

2022 жылдың басында жеңілдікті ипотекалық кредиттермен қатар зейнетақы жинақтарын алу үшін бастапқы шектің сақталуы ипотекалық кредиттердің айтарлықтай өсуін жалғастыруға әкелді. 2022 жылғы сәуірден бастап шектің көтерілуі ипотекалық кредиттердің өсуін баяулатты. Сондай-ақ ипотекалық кредиттеу нарығындағы басты ойыншылардың бірі Отбасы Банкі 2022 жылғы қазаннан бастап өзінің ипотекалық портфеліндегі негізгі үлесті құрайтын аралық қарыздарды беру талаптарын қатаңдатты. Алайда ипотекаға сұраныс «7- 20- 25» ипотекалық бағдарламасына байланысты жоғары деңгейде сақталды. Нарықтық мөлшерлемемен салыстырғанда төмен мөлшерлеме есебінен бағдарлама бойынша қаражат 2022 жыл ішінде, әсіресе жылдың екінші жартысында жедел қарқынмен игерілді. Осылайша, 2022 жылы аталған бағдарлама аясында берілген кредиттер көлемі 422,2 млрд теңгені құрады (2022 жылдың екінші жартысында – 266,6 млрд теңге).

Нәтижесінде 2022 жылда берілген ипотекалық кредиттер көлемі 14,2%-ға артты. Шикізат пен құрылыс материалдары құнының өсуіне әкелген жеткізу тізбектеріндегі іркілістер көлемінің өсуі және ипотекалық қарыздардың артуы аясында 2022 жылғы желтоқсанда бастапқы тұрғын үй құнының 15,6%-ға өсуі байқалды.

32-график. Мақсаттар бойынша ЖТ-ға берілген кредиттер, трлн теңге



Дереккөзі: ҚРҰБ

2021 жылы жоғары база мен сыртқы және ішкі белгісіздіктің өсуі аясында заңды тұлғаларға кредиттер беру қарқыны баяулады. Бұдан басқа, кредиттеудің баяулауына сондай-ақ елдің банк секторында төрттен бір бөлігін (2021 жылы заңды тұлғаларға берілген кредиттер көлемінің үлесі 24,9% құрады) иеленген Ресей банктерінің үш еншілес ұйымдарына қарсы енгізілген санкциялар ықпал етті.

Салалар бойынша заңды тұлғаларға берілген кредиттер көлемінің өсуі 2022 жылы құрылыста (26,3%), көлікте (71,9%) және саудада (7,7%) тіркелді. Заңды тұлғаларға берілген

кредиттердің негізгі үлесін сауда саласы (59,2%) және өнеркәсіп (22,4%) субъектілеріне берілген кредиттер алады (33-график).

33-график. Салалар бойынша ЖТ-ға берілген кредиттер, трлн теңге



Дереккөзі: ҚРҰБ

В) Экономикаға берілетін кредиттер (қалдық)

Экономикаға ЕДБ-ден берілетін кредиттер (қалдық) 2022 жылы 23,3%-ға өсті. Кредиттеудің өсуіне жеке тұлғалардың кредиттері негізгі үлес қосты (2022 жылы өсу – 31,8%). Заңды тұлғалардың кредиттері (11,5% ж/ж өсуі) 2022 жылы 2012 жылдан бастап ең жоғары жылдық өсуді көрсете отырып, айтарлықтай оң үлес қосты (34-график).

34-график. Экономикаға берілетін кредиттердің өсу динамикасы (қалдық), %



Дереккөзі: ҚРҰБ

Жоғары база аясында жеке тұлғалар кредиттерінің жылдық өсімі 2021 жылғы желтоқсандағы 42,7%-дан 2022 жылғы желтоқсанда 31,8%-ға дейін баяулады. Сондай-ақ тұтынушылық кредиттерінің жылдық өсу қарқыны 25,3%-ға дейін баяулады (35-график). Тұтынушылық қарыздарының өсуіне халықтың жоғары инфляциялық күтулері ықпал етті. Ипотекалық кредиттеудің және тұрғын үй жылжымайтын мүлік нарығындағы белсенділіктің айтарлықтай өсуі тұтынушылық кредиттеудің өсуінің тағы бір драйвері болып табылады, өйткені жылжымайтын мүлікті сатып алу кезінде ұзақ пайдаланылатын тауарларға сұраныс өсуде.

35-график. ЖТ-ны кредиттеу (қалдық), % ж/ж



Дереккөзі: ҚРҰБ

Банктік емес заңды тұлғаларға кредиттердің жылдық өсімі 2021 жылғы желтоқсандағы 9,3%-дан 2022 жылғы желтоқсанда 11,5%-ға дейін жеделдеді. Салалар бойынша өсу құрылыс пен байланыстан басқа барлық салаларда тіркелген (36-график).

36-график. ЗТ-ны кредиттеу (қалдық), % ж/ж



Дереккөзі: ҚРҰБ

Банк секторының кредиттеуі (қалдық). 2022 жылы банк секторының кредиттері (ҚДБ қоса алғанда) 24,8 трлн теңгеге дейін 20,6%-ға, оның ішінде бизнеске кредиттер (ЖК қоса алғанда) – 11,6 трлн теңгеге дейін 10,4%-ға, халыққа кредиттер – 13,2 трлн теңгеге дейін 31,3%-ға ұлғайды. Шағын кәсіпкерлікті кредиттеудің (ж/ж 22,0%-ға өсті) жаңа скорингтік кредиттік өнімдердің іске қосылуына байланысты ұлғая отырып, бизнесті кредиттеудің өсуіне негізгі үлес қосты. Сондай-ақ ірі кәсіпкерлікті кредиттеу 5,4%-ға өсті, ал орта кәсіпкерлікті кредиттеу 1,3%-ға төмендеді.

НЕГІЗГІ ТЕРМИНДЕР МЕН ҰҒЫМДАР

Нетто-кредиттеу берілген жаңа кредиттер мен өтелген кредиттер арасындағы айырмашылық болып табылады.

Кері РЕПО – алдын ала белгіленген баға бойынша белгілі бір мерзімнен кейін кері сату міндеттемесімен бағалы қағазды сатып алу мәмілесі, Ұлттық Банк кері РЕПО операцияларын Ұлттық Банктің кепілді қамтамасыз ету тізбесіне сәйкес бағалы қағаздар кепілімен банктерге теңгелік өтімділікті беру мақсатында жүргізеді. Ашық нарық операциялары – базалық мөлшерлемеге жақын пайыздық мөлшерлемелер деңгейін қалыптастыру мақсатында ақша нарығында өтімділікті ұсыну немесе алып қою үшін Ұлттық Банктің аукциондар нысанындағы тұрақты операциялары.

Ашық нарық операциялары – банкаралық пайыздық мөлшерлемелер деңгейіне ықпал ету мақсатында ақша нарығында өтімділікті ұсыну немесе алып қою үшін Ұлттық Банктің аукциондар нысанындағы тұрақты операциялары. Ашық нарықта операциялар Ұлттық Банктің бастамасы бойынша жүзеге асырылады. Ашық нарық операцияларын жүргізу кезінде кепіл ретінде жоғары өтімді және тәуекелсіз бағалы қағаздар пайдаланылады.

Тұрақты қол жеткізу операциялары – ашық нарық операцияларының нәтижелері бойынша қалыптасқан өтімділік көлемдерін түзету жөніндегі ақша-кредит саясатының құралдары, тұрақты тетіктер мәміленің бір тарапының субъектісі Ұлттық Банк болып табылатын екі жақты мәмілелер шеңберінде жүзеге асырылады. Бұл операциялар банктердің бастамасы бойынша жүргізіледі.

Аударылатын депозиттер – бұл барлық депозиттер, оларды: 1) кез келген уақытта номиналы бойынша айыппұлсыз және шектеусіз ақшаға айырбастауға болады; 2) олар чек, тратта немесе қомақты-тапсырмалар арқылы еркін аударылады; 3) төлемдерді жүзеге асыру үшін кеңінен пайдаланылады. Аударылатын депозиттер тар ақша массасының бөлігі болып табылады. Басқа депозиттерге, негізінен, белгілі бір уақыт өткеннен кейін ғана алынуы мүмкін немесе оларды қарапайым коммерциялық операцияларда пайдалану үшін ыңғайлы етпейтін және негізінен жинақтау механизмдеріне қойылатын талаптарға жауап беретін әртүрлі шектеулер бар жинақ және мерзімді депозиттер жатады. Бұдан басқа, басқа депозиттерге аударылмайтын салымдар мен шетел валютасында көрсетілген депозиттер де кіреді.

Тікелей РЕПО – бағалы қағазды алдын ала белгіленген баға бойынша белгілі бір мерзімнен кейін кері сатып алу міндеттемесімен сату мәмілесі, Ұлттық Банк артық теңгелік өтімділікті алу мақсатында тікелей РЕПО операцияларын жүргізеді.

TONIA мөлшерлемесі – биржада мемлекеттік бағалы қағаздармен автоматты РЕПО секторында жасалған, бір жұмыс күні мерзімімен репо ашу мәмілелері бойынша орташа алынған пайыздық мөлшерлемені білдіреді.

НЕГІЗГІ ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗІМІ

а/а – айға ай

б.т. – базистік тармақ

ж/ж – жылға жыл

ҚҚБ (KASE) – Қазақстанның қор биржасы

ҚРҰБ – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

ҚР ҚМ – Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі

МБҚ – мемлекеттік бағалы қағаздар

млрд – миллиард

млн – миллион

ОПЕК – Мұнай экспорттаушы елдер ұйымы

п.т. – пайыздық тармақ

т/т – тармаққа тармақ

трлн – триллион